



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

5,0 жұмыс орындары ашылды. 2009 жылдың бірінші жарты жылдығында 27 млрд. теңге тұратын 24 жоба іске асырылды және 2,5 мыңнан астам жұмыс орындары ашылды [5, 8 б.]. Ауыл шаруашылық, құрылыс, бөлшек тауар айналымы, жүк айналымы салаларында көрсеткіш айналымында жоғарғы индекс те оның еліміздегі маңызын нақтылай түседі. Облыс шет елдерге өнеркәсіп өнімдерін шығара отырып сыртқы сауданың экономиканың дамуына да елеулі ықпал тигізіп отыр.

Сөйтіп Ақтөбе қаласы мен облысы бүгінгі таңда еліміздің стратегиялық маңызы бар өнеркәсіп орталығы ретінде өзін көрсетіп отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мырзағұл М. Ақтөбем-алтын бесігім. - Алматы: «Ана тілі», 1999. – 208 б. - Б. 32-33.
2. Мәмбетов Ү., Меңдіғалиев Т., Тампаев Я., Ескендіров І. Экономика // Ақтөбе энциклопедия. – Ақтөбе: «Отандастар-Полиграфия» ЖШС баспаханасы, 2001. – Б. 97-98.
3. Мәмбетов Ү., Меңдіғалиев Т., Тампаев Я., Ескендіров І. Сыртқы сауда // Ақтөбе энциклопедия. - Ақтөбе: «Отандастар – Полиграфия» ЖШС, 2001. – 748 б. –Б. 104-106.
4. Ақтөбе қаласының ұзақ мерзімді дамыту стратегиясы. – Алматы, 2010. – 560 б. – Б. 23-24.
5. Ақтөбе облысының өнеркәсібі: ХХ-ХХІ. – Ақтөбе: Ақарман Медиа ЖШС, 2009. – 210 б.

ӘОЖ 930.85(045)

ЕЛБАСЫ Н.НАЗАРБАЕВ: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ – ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕПШІ

Нурболатова Алуа

nurbolatova_alua@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің І курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшілері –Талғатбек М. О., Дүкенбаева З.О.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін келелі ой, салиқалы пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық кодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат - мүдделер туралы өзекті мәселелер көтерілген. Мемлекет басшысы аталмыш жаңғырудың негізгі қызметі мен ерекшеліктеріне тоқтала келе: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі полюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын құдіретімен маңызды» - деп,[1,1] ой қорытады. Елбасының бұл мақаласында қазіргі Қазақстанның басты рухани құндылықтары айқын көрініс тапқан. Бұл – мақала ғана емес, мазмұны терең, ауқымы өте кең, ұлт руханиятын ХХІ ғасыр биігіне көтеретін рухани жаңғыру бағдарламасы деуге болады. Елбасы ғылым, білім, мәдениет пен тарихты тұтастай қамтитын ұлттық рухани жаңғыру бағдарламасын халық назарына ұсынып отыр. Мемлекет басшысы ХХІ ғасырдағы жаңа ұлттың, жаңа қазақтың феноменін анықтап беріп отыр. Сонымен қатар, адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре білуде де көрегендіктер танытып, оған басымдықтар беріп отырғандығын көреміз. Бұл дегеніміз

– ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыстары. Өйткені, рухани байлықтың кемел болғаны бұл жеке азаматтарымыз үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған еліміз үшін де өте маңызды үдеріс.

Ұлт Көшбасшысы өзінің бағдарламалық мақаласында тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытына жеке-жеке тоқталады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың алты бағытын белгілейді:

1. *Бәсекеге қабілеттілік;*
2. *Прагматизм;*
3. *Ұлттық бірегейлікті сақтау;*
4. *Білімнің салтанат құруы;*
5. *Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы;*
6. *Сананың ашықтығы.*

Аталмыш бағыттардың барлығы терең мазмұнды, өзекті және бүгінгі уақыт талаптарына сай нақты жауап береді. Ұлтымыздың рухани болмысын мыңдаған жылғы ата-баба рухына сәйкестендіре алғанда ғана, азаматтары өз заманына сәйкес рухани санасын жаңғыртып тұра алғанда ғана ел тәуелсіздігі мәңгілік болмақ. Сонда ғана Ана тіліміз өз міндетін атқара алатын, ұрпағымыз ұлтымыздың рухани санасын сақтай алатын болады. Қазақтарды қазақ етіп ұйымдастырып тұратын «Ана тілі» атты құдіреттің әрі қамқоршысы, әрі алтын бесігі ұлттың рухани құндылықтарының қайнары тоғысып, «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Міне, рухани жаңғыру дегеніміз – осы болмақ.

Елбасының мақаласында рухани жаңғыруға байланысты айтылған алты сатысына тоқталсақ: біріншіден, бәсекеге қабілеттілік, біз бәсекеге қабілетті ел болмай жатып әлемдік аренада өзімізді дәлелдей алмаймыз. Білім, ғылым, нарық, мәдениет жағынан болсын еліміздің бәсекеге қабілетті екенін дәлелдеуіміз қажет. Екіншіден, прагматизм өзінің ұлттық және жеке байлығыңды нақты білу, оны үнемді пайдаланып, соған сәйкес болашағыңды жоспарлай алу, ысырапшылдық пен астамшылыққа, даңғойлық пен кердендікке жол бермеу. Қолымыздағы барымызды қадірлей біліп, келешек қамын ойлайық. Үшіншіден, ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлтымыз бір болмаса, жүрегіміз қазақ деп соқпаса бізден қандай ел шықпақ. Төртіншіден, білімнің салтанат құруы, білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу - біздің қанымызда бар қасиет. Қазіргі таңда болашақ ұрпаққа кеңінен білім беру үші көптеген жобалар, бағдарламалар қолға алынуда. Соның бірі ретінде әрине болашақ бағдарламасын алуға болады. Бесіншіден, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, еліміздің революциялық жолмен Кеңес заманында көптеген бас көтерулер жасағаны белгілі. Алайда оның барлығы қантөгіспен аяқталып отырды. Сол себепті ендігі кезеңде елімізді алға тартып білім, ғылым, мәдениет, экономика арқылы әлемге әйгілі ету. Алтыншыдан, сананың ашықтығы, бұл халқымыздың санасының ашықтығын талап етеді. Ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз елінің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндіктер береді. Ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз: жұмыс, тұрмыс, демалыс, баспана, адами қатынас тәсілдері, қысқасы, барлығы түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек. Бұл - өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі. Азиядағы екі ұлы держава - Жапония мен Қытайдың бүгінгі келбеті - осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланудың нағыз үлгісі. «Өзімдікі ғана таңсық, өзгенікі - қаңсық» деп кері тартпай, ашық болу, басқалардың ең озық жетістіктерін қабылдай білу, бұл - табыстың кілті, әрі ашық зерденің басты көрсеткіштерінің

бірі – деп Елбасшысы осындай келелі мәселелерді алға тартқан. Ойымызды түйіндеуде Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты Бекболат Тілеуханның: «Мақалада айтылатын дүние – ұлттың өзінің ұлттық кодын, генетикалық жадысын сақтап қалу деген дүние өте маңызды. Өйткені тамырынан үзілген бәйтерек ол жапырақ жаймайтыны сияқты негізгі дәстүріне тамырына сүйенбеген халық ұзаққа бармайды.- деп пікір айтқан болатын [1,2]. Қай жағынан қарасақта бұл мақала өзінің ерекше тұстарын мәлім етіп тұрады. Рухани жаңғыру арқылы біз ұлттық кодымызды сақтай білуіміз қажет. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай дей отыра, ғалым, академик, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Ерлан Сыдықовтың: «Еліміздің бәсекелесе отырып, дамыған 30 елдің қатарына қосылу кезіндегі рухани байлығымыздың үлесін көбейтуіміз керек. Оны күшейту керек. Өйткені, бәсекеге қабілетті болу тек қана экономикаға байланысты емес. Біз құрған қазақ мемлекетінің, яғни біздің мындаған жылғы тарихымыздағы құндылықтардың барлығы біздің бойымызда болуы керек – деген ғылыми-толғамды пікірін келтірген [1,3].

Елбасы Н.Назарбаевтың мақсаты – ұлттың ұлы мұраты. Ол – Ұлы Дала елінің бойында белгілі тарихи себептермен қалғып кеткен прагматизмді ояту арқылы ұлттық, қоғамдық ойға, іске сілкініс әкелу, тәуелсіз елдің санасы мен ағзасын отаршылдық, кембағалдық, бойкүйездік комплекстерінен тұтастай арылту.

Осы орайда, мақалада баяндалатын Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасын талдап қана қоймай, осы бағдарламаның негізгі өзегі бола алатын туған жерімдегі айтулы тұлғаларды да ғылыми мақалама тиек еткелі отырмын. Рухани жаңғыру туған жерді дәріптеуден басталады.Туған жерім, яғни Батыс Қазақстан аумағында ерекше тұлғалар көп болды. Маңғыстау киелі мекен болып саналатын өлке болғандықтан, бұл жерден батырлар да, ғұлама ғалымдар да шыққан. Маңғыстау өлкесі рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша айтатын болсақ еліміздің қазақи болмысын сақтаған өңірлердің бірі. Мен сөз еткелі отырған тұлға 1870 жылы Маңғыстауда өткен Иса және Досан бастаған көтерілістегі Иса Тіленбайұлы. Осы саяси қайраткер тұлғаға байланысты зерттеу жұмыстарын жүргізген уақытымда түсінгенім, бұл тарихи тұлға туралы деректердің өте аздығы. Мүмкін, бұл тұлғаны біреулер білер, біреулер білмес. Иса Тіленбайұлы тұлғасына байланысты бізге көп мәліметтер беретін, жазушы Әбілқайыр Спан [1,4]. Жазушы батырдың өмірі туралы және шығармашылығы туралы зерттеген. Зерттеу барысында, батырдың тек қана Маңғыстау өңіріне ғана емес, бүкіл қазақ елі үшін тарихи тұлға екендегіне көзіміз жетті. Өйткені, Ресей отаршылдарына қарсы отандастарын күреске шақырып, қалың қол жинаған, сол соғыста жан аямай айқасқан Иса атамыз еді. Көтерілісте жеңілсе де, басқыншыларға халық күшінің зор үлгісін көрсеткен еді. Біз, бүгінгі шығармашылық ізденіс жобамызда, батыр бабамызды жан-жақты талдап, зерделеп кетуді жөн көрдік. Иса Тіленбайұлы Маңғыстаудың Бозашы дейтін түбегінде дүниеге келген. Өздеріңізге белгілі, иен жатқан ұлы қазақ даласы қашан да батырларға, сал - серілерге кенде емес. Қазағымызда екінші бірі өнерге жақын, жылқы мінез өр халықтың ішінде бірінен - бірі асып түскен. Ол заманда адамдардың сегіз қырлы бір сырлы болуының да өз құпиялары бар шығар. Иса Тіленбайұлы батырлығы мен қоса әрі шешен, ақын, би болған. Иса мен Досан бастаған көтерілістер Маңғыстауда 1870 жылы патшалық Ресейдің озбырлығына қарсы болған еді. Рас, бұл көтеріліс жеңіліс тапты, алайда олар жеңді. Себебі, олар отаршыл саясатты өздерімен санасуға мәжбүр етті. Тарихта көбінесе бұл көтерілісті 1872 аяқталып қалған деп айтылады. Алайда, көтеріліс 1873 жылдың күзіне дейін жалғасқан. Бұл көтеріліс жалпы Маңғыстау тарихында және қазақ тарихында ерекше орын алды. Мен өз ойларымды жинақтай отырып, қарасам, кейбір жандардың пікірінше, көтерілістер түк нәтиже бермеген, жәй ғана халықтың жағдайын нашарлата берген. Тарихқа үңілетін болсақ, Қазақстан аумағында болып өткен көтерілістердің басым көпшілігі Маңғыстау облысында өткен екен.

Адайлар ежелден бері жауынгер халық. Елім, жерім деп жүректері езіліп тұрады. Көтерілістер арқылы, біз, кім екенімізді, қаншалықты ержүрек халық екенімізді дәлелдей білдік деп түсінеміз. Осы рухани жаңғыру бағдарламасы арқылы өз туған жерімді, туған жердегі тұлғаларымды үлгі өнеге тұтқым келеді. Рухани жаңғыру дегеніміз еліміздің көркейуіне өз үлесін қосатын бағдарлама болады, біз рухани жаңғыру арқылы әлемнің ең үздік 30 елдері қатарына енеміз деп сенеміз. Рухани жаңғыру, халқымыздың құндылықтарын ұмытпай, болашаққа өскелең ұрпақ тәрбиелеу болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». 26 сәуір, 2017.
2. Бекболат Тілеухан. «Қазақ Үні» 10 ақпан. 2017.
3. Сыдықов Е. «Рухани жаңғыру - дамудың басты баспалдағы» 12 сәуір. 2017 жыл.
4. Рамазанова Б. С. Маңғыстау өлкесіндегі ұлт-азаттық көтеріліс // Жас ғалым. 2014. №8.1. 19-23 бб.

ӘОЖ 93/94

Т. АШИМБАЕВТЫҢ «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТИ БЕТТЕРІНДЕ МАЙДАН ӨМІРІ КӨРІНІСТЕРІН БАЯНДАУЫ

Оразаев Султан Берикович

5674646@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультетінің 2 курс магистранты,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Искакова К.И.

Ленинград блокадасы Ұлы Отан соғысындағы Кеңес халқының, әскерінің жауға қарсы табан тірестікпен, соңғы әлі қалғанша күресетіндегі символы. Ленинград майданында қазақ жауынгерлері ерлікпен, батырлықпен кеңестік отанын қорғауда болды. Түймебай Әшімбаев – осы жауынгерлердің бірі. Оның әскери қызметі 1941 жылдың 3 шілде айында басталды. Ленинград қаржы-экономикалық институтында оқып жүрген оны, өз сұрауы бойынша, Ленинград қаласының Куйбышев аудандық әскери комиссариаты Қызыл Әскер қатарына шақырды. Ол қатардағы жауынгер, кейін майданның саяси басқармасының саяси қызметкерінің міндеттерін атқарды.

Қазақтардың Ленинград майданында көптігін, әрі жақсы соғысып жүргенін, олардың арасында үгіт-насихат жұмысын жақсарту қажеттігін, әсіресе егде тартқан қазақ жауынгерлерінің орысша білмейтіндігін ескеріп, Ленинград майданының әскери ұсынысымен Қызыл әскердің Жоғарғы Саяси Басқармасы Ленинград майданында қазақ тілінде газет шығаруды ұйғарды, онда қызмет істейтін адамдарды іздестіруге кірісті. Ленинград майданының «На страже Родины» газетінің редакторы М.И. Гордонның естелігінде: «И вот я на Каменном острове, где расположилось военно политическое училище фронта. Беседую с будущими политработниками-казахами. Замечательные ребята... Но газетчиков среди них нет. Значит, придется учить их газетному делу, начиная с азов... В кабинет вошел широкоплечий казах, еще совсем молодой человек с характерным прищуром умных глаз [1].

Курсант Түймебай Ашимбаев, отрекомендовался он. До войны студент третьего курса Ленинградского финансово-экономического института. Этот, пожалуй, годится, – обрадовался я, поговорив с Ашимбаевым. Он хорошо говорил по русскии, был начитан, не плохо разбирался в военном деле», – деп айтылған [1]. Осылайша Түймебай Әшімбаев, Бейсен Жұмағалиев,